

Түсінік хат

«Тіл дамыту» факультатив Лозовое орта мектебінің 2"А" сынып оқушыларына арналған. Факультатив аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа берілген. Факультативке бес оқушы қатысады. Бұл факультатив оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Факультативке тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады.

Факультативтың оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан сыныптан тыс факультатив сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

Міндеті:

- Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдау;
- Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазуға дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту;
- Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптың аты	Сағат саны	Мерзімі	Өткізілу түрі	Пайдаланған әдебиеттер
1	Үйірменің мақсат, міндеттерімен таныстыру	1	8.09	Кіріспе әңгіме	
2	Спандияр Көбеев "Орындалған арман"	1	15	Әңгімелеу	Әдебиеттік оқу хрестоматия
3	"Кел, балалар оқылық"	1	22	жаттау	хрестоматия
4	Көз, құлақ, мұрын және ауыздың айтысы	1	29	мазмұндау	Балалар әдебиеті
5	Уайымшыл мектеп формасы	1	6/10	Сұрақ-жауап	хрестоматия
6	Андардың айтысы	1	13	сахналау	хрестоматия
7	Ұлттық тағамдар	1	20	слайд	хрестоматия
8	Ұлттық ойындар	1	3/11	Асық ойнату	хрестоматия
9	Киіз үй	1	10	Сурет салу	
10	"Үйшік" ертегі	1	17	Рөлге бөліп мәнерлеп оқу	хрестоматия
11	Бір аптада	1	24	Апта күндерін жаттау	
12-13	Шеше мен қыз бала	2	1, 8/12	Әңгімелеу	хрестоматия
				Автор орындығы	
14-15	Айгүлдің әңгімесі	2	15, 22		хрестоматия

16-17	Ең қымбат нәрсені ұмытпа	2	12, 19/01	Автор орындығы	хрестоматия
18	Бірлік	1	26	мазмұндау	хрестоматия
19	Екі дос	1	2/02	Сұрақ-жауап	хрестоматия
20-21	Көк кептер	2	9, 16	Сурет салу	хрестоматия
22	Күн шыққанда	1	23	Жатқа айту	хрестоматия
23	Оқығанның көзі ашық	1	2/03	әңгімелеу	Балалар әдебиеті
24	Үйірмеден үйірме	1	9	Мәнерлеп оқу	хрестоматия
25	Керемет баға	1	16	Пікірталас	хрестоматия
26	Жыртық кітап жылады	1	30	Автор орындығы	
27	Тасымал	1	6/04	Әңгімелеу	Балалар әдебиеті
28-29	Буфетте	2	13, 20	Сұрақ-жауап	хрестоматия
30-31	Менің туған өлкем	2	24, 4/05	Қалаларға саяхат	хрестоматия
32-33	Қарабатыр (ертегі)	2	11, 18	Дөңгелек үстел	
34	Қорытынды сабақ	1	25	Әңгіме. Шығар. жұмыс	

Қолданатын әдебиеттер:

1. Әдебиеттік оқу хрестоматиясы 2 сынып Атамұра
2. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы №1, №2

Оқушылардың тізімі

№	Оқушының аты-жөні
1	Коспиева Асылым
2	Қайыргелді Мұқан
3	Қалменбай Әнел
4	Каримова Мөлдір
5	Мұратханқызы Нәсибә

ҚАРАЛДЫ:

Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
Бектемирова К.Ж.

"26" 09 2025 ж.



КЕЛІСІЛДІ:

АӘК әдіскері

Қуандыкова Г.Ж.

"26" 09 2025 ж.



БЕКІТЕМІН:

И.о директора

Журавецкая И.А.

"26" 08 2025 ж.



"Тіл дамыту"
факультативінің жұмыс жоспары

2"А" сынып

Мұғалімі: Жамбыл К.В

2025-2026 оқу жылы